

"Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тесттен өткізу қағидаларын, бағдарламаларын және оны үйымдастыруды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 1 бүйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының кейбір бүйрықтарының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 14 мамырдағы № 79 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 мамырда № 20644 болып тіркелді.

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тесттен өткізу қағидаларын, бағдарламаларын және оны үйымдастыруды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 1 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14317 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бүйрықтың преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**";

жоғарыда аталған бүйрықпен бекітілген Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тесттен өткізу қағидаларына, бағдарламаларына және оны үйымдастыруға :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тесттен өткізу қағидалары, бағдарламалары және оны үйымдастыру (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына және 16-бабының 2-тармағына сәйкес, сондай-ақ "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.

Қағидалар құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды (бұдан әрі - кандидат) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тесттен (бұдан әрі - тестілеу) және жеке қасиеттерін бағалаудан өткізу тәртібін, бағдарламаларын және оны ұйымдастыруды, сондай-ақ тестілеу нәтижелеріне шағым жасау тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Үәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) тестілеуді азаматтардың өтініш білдіруі бойынша өткізеді.";

мынадай редакциядағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - Стандарт) осы Қағидалардың 1-1-қосымшасында келтірілген.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кандидаттар тестілеуге қатысу үшін тестілеу күніне дейін бір күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысандағы "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) жүгіну арқылы өтініш (бұдан әрі - өтініш) тапсырады.

Кандидаттар Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда, оның жеке басын куәланыратын құжатты ұсынады.

Жеке басын куәланыратын құжаттар туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электронды үкімет" шлюзі арқылы алады.

Портал арқылы жүгінген кезде кандидаттың "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы жәй-күйі көрсетіледі.

Мемлекеттік корпорация және портал арқылы өтініш берілген кезде, құжаттардың қабылданғанын раставу осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызмет берушінің электронды цифрлы қолтаңбасы нысанындағы тестілеудің күні, уақыты және өтетін орны көрсетілген қолхат болып табылады.

Кандидат Стандарттың 8-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкери өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Кандидаттар тестілеуге қатысу үшін құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы тапсыруға қатысты ақпарат пен қеңесті Мемлекеттік корпорацияда, уәкілетті органда немесе оның аумақтық бөлімшесінде ала алады.";

мынадай редакциядағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7.1 Тестілеуден өтуден бас тарту негіздері Стандарттың 9-тармағында көрсетілген.
";

мынадай редакциядағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Тестілеуге кіргізу кезінде немесе тестілеуді өткізу барысында жалған адам анықталған жағдайда аталған адам тестілеуге жіберілмейді немесе оператор осындай адамның тестілену процесін тоқтатады және оны тестілеу үшін арналған үй-жайдан шығарып жібереді.

Бұл ретте оператор осы Қағидалардың 4-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Тестілеу кезінде жалған адамды анықтау туралы актіні толтырады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Тестілеу бағдарламаларында көрсетілген мәндерден тәмен тестілеу нәтижелерін алған кандидаттарға осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысанда мәндерден тәмен нәтижелермен тестілеу өткендігі туралы анықтама беріледі.

Тестілеуде белгіленген мәндерден тәмен нәтиже алған кандидаттарға қайта тестілеуге алдынғы тестілеу өткізілген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кем емес мерзімнен кейін жол беріледі.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Тестілеуден өту мәндерден тәмен тестілеу нәтижелерін алған кандидаттар уәкілетті органның апелляциялық комиссиясына апелляцияға шағымдарын бере алады.
";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Апелляциялық комиссия апелляцияға берілген шағымды қарастыру нәтижесі бойынша апелляция түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде екі шешімнің бірін қабылдайды:

1) апелляцияны қанағаттандырусыз қалдыру;

2) кандидаттың апелляциясын қанағаттандыру және оны тестілеуді қайта тапсыруға жіберу.

Кандидаттың апелляциясы қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда оған тестілеуді қайта тапсыруға тестілеу өткізілген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кем емес мерзімнен кейін жол беріледі.";

мынадай редакциядағы 5-тараумен толықтырылсын:

"5-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің тестілеуден өту мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

35. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау бойынша уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен кандидаттың шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 2) тармақшасына сәйкес оны тіrkеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау және бақылау бойынша уәкілетті органға келіп түскен кандидаттың шағымы оны тіrkеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Қызметті Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына, немесе ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

36. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, кандидаттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.:";

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 4-1-қосымшамен толықтырылсын;

7-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтарының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Мемлекеттік қызмет департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының мемлекеттік қызмет мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және

аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері

агенттігі Төрағасының

2020 жылғы 14 мамырдағы

№ 79 бұйрығына

1-қосымша

Құқық корғау қызметіне
алғаш рет кіретін азаматтарды
тесттен өткізу қағидалары,
бағдарламалары және
оны ұйымдастыруға

1-1-қосымша

"Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық корғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тестілеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық бөлімшелері |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | Өтініштерді қабылдау: 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы және абоненттік ұялы байланыс құралы арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады. |
| 3 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі | Тестілеу өтініш берілген күннен бір күнтізбелік күннен ерте емес және кандидат таңдаған тестілеу күні мен уақытынан кешіктірілмей өткізіледі. Күжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтүге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт - 15 минут. Кандидатқа қызмет көрсетуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт - 30 минут.. |

| | | |
|---|---|--|
| 4 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны | Электрондық (жартылай автоматтандырылған) және/немесе қағаз түрінде |
| 5 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің нәтижесі | Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тестілеуден өту туралы сертификат, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес кандидаттардың жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу нәтижесі бойынша қорытынды немесе осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуді өту мәндерінен төмен нәтижелерімен тестілеуден откені туралы анықтама. Мемлекеттік тілді білуге арналған тестілеуге шекті мән белгіленбейді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде. |
| 6 | Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда мемлекеттік көрсетіletіn қызметті көрсету кезінде кандидаттан алынатын төлем мөлшері, және оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетіletіn қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі. |
| 7 | Жұмыс кестесі | <p>1) көрсетіletіn қызметті беруші - 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және 2001 жылғы 13 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін. Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтін нәтижесін беру жұмыс уақытында, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетуісіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация - 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және 2001 жылғы 13 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - сенбі аралығында сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін, түскі үзіліссіз жүргізіледі.</p> <p>Күжаттарды қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетуісіз "электронды" кезек тәртібінде жүзеге асырылады. Электронды кезекті портал арқылы брондауға болады.</p> <p>3) портал - техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетіletіn қызметті алушының жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтінген жағдайда 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және 2001 жылғы 13 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетіletіn қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүргізіледі). Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтерді көрсету орындарының мекен жайлары:</p> <p>1) мемлекеттік көрсетіletіn қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz.</p> <p>3) порталда www.egov.kz орналастырылған.</p> |
| | | 1) Мемлекеттік корпорацияға: осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; |

| | | |
|----|---|--|
| 8 | <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі</p> | <p>жеке басын куәландыратын құжат (сайкестендіру үшін);</p> <p>2) портал арқылы жүгінген кезде: электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электронды үкімет" шлюзі арқылы алады.</p> |
| 9 | <p>Казакстан Республикасының заңнамасында белгіленген көрсетілетін қызметті беруден бас тарту негіздері</p> | <p>1) кандидаттың соңғы бір ай ішінде шекті мәннен төмен нәтижемен тестілеуден өтүі;</p> <p>2) кандидаттың соңғы алты ай ішінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандығы № 40 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14939 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттарды тесттен өткізуі үйімдастыру, бағдарламаларын және қағидаларын бұзғандығы туралы қызмет беруші толтырған актінің бар болуы;</p> <p>3) соңғы бір жыл ішінде тестілеу кезінде жалған адамды анықтау туралы оператор толтырған актінің бар болуы.</p> |
| 10 | <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып көрсетілетін, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтерге қойылатын өзге де талаптар</p> | <p>Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше қозгалу, бағдар алу қабілетін немесе мүмкіндігін толық не ішінара жоғалтқан кандидаттарға мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8-800-080-7777 жүргін арқылы түрғылықты жері бойынша шыға отырып жүргізеді. Кандидаттың ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Кандидаттың мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", мемлекеттік көрсетілетін қызмет берушінің анықтама қызметі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі 1414, 8-800-080-7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> |

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі Төрағасының
бұйрығына
2-қосымша

Құқық қорғау қызметіне
алғаш рет кіретін азаматтарды
тесттен өткізу қағидалары,
бағдарламалары және
оны үйімдастыруға
2-қосымша

КОЛХАТ

Құқық қорғау қызметінің лауазымына орналасуға
кандидаттың _____ етініші қабылданды.
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
Тестілеу өту күні: _____
Тестілеу өту уақыты: _____

Тестілеу өту мекенжайы: _____

Тестілеу бағдарламасы: _____

Тестілеу бағдарламасында көзделген құқықтық актілер:

Ескертпе: тестілеуден өту кезінде шекті мәннен төмен баға алған құқық қорғау қызметінің лауазымына орналасуға кандидаттар қайта тестілеуді алдыңғы тестілеу өткізілген күннен бастап құнтізбелік он бес күннен кем емес мерзімнен кейін өтеді.

Апелляциялық комиссиямен кандидаттың апелляциясы қанағаттандырылған жағдайда ол тестілеуді қайта тапсыруға жоғарыда көрсетілген мерзімді сақтаусыз жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның автоматтандырылған тестілеуді өтуге тіркеу жүйесімен "электрондық үкімет" порталы арқылы берілді.

" " 20 __ ж.

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері

агенттігі Төрағасының

бүйріғына

3-қосымша

Құқық қорғау қызметіне

алғаш рет кіретін азаматтарды

тесттен өткізу қағидалары,

бағдарламалары және

оны ұйымдастыруға

3-қосымша

**Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды Қазақстан
Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тестілеу
бағдарламалары**

1) бірінші бағдарлама C-GP-1, C-AGP-1, C-KGP-1, C-GP-2, C-AGP-2, C-KGP-2,
C-GP-3, C-AGP-3, C-KGP-3, C-GP-4, C-AGP-4, C-KGP-4, C-GP-5, C-AGP-5, C-KGP-5,

C-GP-6, C-AGP-6, C-OGP-2, C-OGP-3, C-OGP-4, C-OGP-5, C-OGP-6, C-GP-7, C-AGP-7, C-OGP-7, C-AGP-8, C-OGP-8, C-OKGP-1, C-OKGP-2, C-OKGP-3, C-OKGP-4, C-OKGP-5, C-OKGP-6, C-OKGP-7, C-RGP-1, C-RGP-2, C-RGP-3, C-RGP-4, C-RGP-5, C-SVO-8, C-SVR-7, C-SVU-8, C-SVU-9, C-SVU-10, C-SVU-12, C-SGU-5, C-SGU-7, B-PK-1, B-PK-2, B-PK-3, B-PKO-1, B-PKO-2, B-PKO-3, C-FM-2, C-FM-3, C-FM-4, C-FMO-1, C-FMO-2, C-FMO-3, C-FMO-4 санаттағы құқық қорғау қызметінің лауазымдарына арналған және келесіні қамтиды:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрак), ұзақтығы 20 минут;

Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрак), Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (15 сұрак), Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі (15 сұрак) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" (15 сұрак), "Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарau тәртібі туралы" (15 сұрак), "Құқық қорғау қызметі туралы" (15 сұрак), "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" (15 сұрак) Қазақстан Республикасының зандарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) білуге арналған тестілер.

Бірінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері барлық нормативтік құқықтық актілер бойынша сұрақтардың жалпы санынан (135 сұрак) кем дегенде 95 дұрыс жауапты және әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 5 дұрыс жауапты құрайды.

Бірінші бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілерді орындау үшін жалпы уақыт 110 минутті құрайды.

2) екінші бағдарлама C-SV-8, C-SV-10, C-SVO-3, C-SVO-5, C-SVO-7, C-SVO-9, C-SVR-4, C-SVR-5, C-SVR-8, C-SVU-13, C-SVU-14, C-SGU-11, C-SGU-12, C-SGU-13, B-PK-4, B-PK-5, B-PK-6, B-PK-7, B-PK-8, B-PKO-4, B-PKO-5, B-PKO-6, B-PKO-7, B-PKO-8, C-FM-5, C-FM-6, C-FMO-5, C-FMO-6 санаттағы құқық қорғау қызметінің лауазымдарына арналған және келесіні қамтиды:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрак), ұзақтығы 20 минут;

Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрак), Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (15 сұрак), Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі (15 сұрак) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" (15 сұрак), "Құқық қорғау қызметі туралы" (15 сұрак), "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" (15 сұрак) Қазақстан Республикасының зандарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153

Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) білуге арналған тестілер.

Екінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері барлық нормативтік құқықтық актілер бойынша сұрақтардың жалпы санынан (105 сұрақ) кем дегенде 63 дұрыс жауапты және әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 5 дұрыс жауапты құрайды.

Екінші бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілерді орындау үшін жалпы уақыт 90 минутті құрайды.

3) үшінші бағдарлама С-SV-12, С-SV-13 санаттағы құқық қорғау қызметінің лауазымдарына арналған және келесіні қамтиды:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрақ), ұзақтығы 20 минут;

Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңын (15 сұрақ), Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) білуге арналған тестілер.

Үшінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері барлық нормативтік құқықтық актілер бойынша сұрақтардың жалпы санынан (45 сұрақ) кем дегенде 21 дұрыс жауапты және әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 5 дұрыс жауапты құрайды.

Үшінші бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілерді орындау үшін жалпы уақыт 40 минутті құрайды.

4) төртінші бағдарлама C-GP-1, C-AGP-1, C-KGP-1, C-GP-2, C-AGP-2, C-KGP-2, C-GP-3, C-AGP-3, C-KGP-3, C-GP-4, C-AGP-4, C-KGP-4, C-GP-5, C-AGP-5, C-KGP-5, C-GP-6, C-AGP-6, C-OGP-2, C-OGP-3, C-OGP-4, C-OGP-5, C-OGP-6, C-GP-7, C-AGP-7, C-OGP-7, C-AGP-8, C-OGP-8, C-OKGP-1, C-OKGP-2, C-OKGP-3, C-OKGP-4, C-OKGP-5, C-OKGP-6, C-OKGP-7, C-RGP-1, C-RGP-2, C-RGP-3, C-RGP-4, C-RGP-5, C-SVO-9, C-SVR-8, C-SVU-13, C-SVU-14, C-SVU-15, C-SGU-8, C-SGU-11, C-SGU-12, C-SGU-13, C-SSP-7, C-SSP-8, C-SN-5, C-SN-7, C-SN-8, B-PK-3, B-PK-4, B-PK-5, B-PK-6, B-PK-7, B-PK-8, B-PKO-3, B-PKO-4, B-PKO-5, B-PKO-6, B-PKO-7, B-PKO-8 санаттағы құқық қорғау қызметінің заңгерлік мамандық бойынша тиісті білімнің бар болуын талап етпейтін лауазымдарына арналған және келесіні қамтиды:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрақ), ұзақтығы 20 минут;

Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңын, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" (15 сұрақ), "Құқық қорғау

"қызметі туралы" (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) білуге арналған тестілер.

Төртінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері барлық нормативтік құқықтық актілер бойынша сұрақтардың жалпы санынан (75 сұрақ) кем дегенде 35 дүрыс жауапты және әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 5 дүрыс жауапты құрайды.

Төртінші бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілерді орындау үшін жалпы уақыт 60 минутті құрайды.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі Төрагасының
бүйрекіні
4-қосымша

Құқық корғау қызметіне
алғаш рет кіретін азаматтарды
тесттен өткізу қағидалары,
бағдарламалары және
оны ұйымдастыруға
4-1-қосымша

Тестілеу кезінде жалған адамды анықтау туралы акті

_____ қаласы

"____" ____ 20__ ж. __ сағ.. __ мин.

тестілеу

операторымен

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

азамат _____ ЖСН _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

орнына азамат _____ ЖСН _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

тестілеуді тапсыру әрекеті дерегі анықталды.

Тестілеу операторының қолы: _____

Актімен таныстым: _____

(жоғарыда көрсетілген бұзушылыққа жол берген азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Жоғарыда аталған Ереже бұзушылыққа жол берген азаматтың осы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда - тиісті жазба _____

(жоғарыда аталған Ереже бұзушылыққа жол берген азаматтың осы актіге қол қоюдан бас тартқанын растайтын басқа адамның қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН)

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі Төрағасының
бүйрығына
5-қосымша

Құқық қорғау қызметіне
алғаш рет кіретін азаматтарды
тесттен өткізу қағидалары,
бағдарламалары және
оны үйымдастыруға
7-қосымша

Тестілеуді өту мәндерінен төмен нәтижелерімен тестілеуден өткені туралы АНЫҚТАМА

| <p>_____ (кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тестілеуден _____ қаласында "___" ____ 20__ ж. ____ бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндерінен төмен нәтижелерімен тестілеуден өткені туралы берілді.</p> | | | |
|---|---|---------------------|------------------------|
| <p style="text-align: center;">Фото</p> | | | |
| Тест атауы | Тестілеу сұраптарының/тапсырмалардың саны | Тестілеуді өту мәні | Дұрыс жауаптардың саны |
| ҚОРЫТЫНДЫ | | | |

Осы кандидат қайта тестілеуді осы тестілеу өткізілген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кем емес мерзімнен кейін өте алады.

Тестілеу операторының қолы: _____
"___" ____ 20__ ж.
M.O.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері

агенттігі Төрагасының

бұйрығына

6-қосымша

Құқық қорғау қызметіне
алғаш рет кіретін азаматтарды

тесттен өткізу қағидалары,

бағдарламалары және

оны ұйымдастыруға

9-қосымша

Құқық қорғау қызметінің лауазымдарына орналасуға кандидаттардың жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу бағдарламалары

Кандидаттардың жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу екі бағдарламадан тұрады:

1) бірінші бағдарлама C-GP-1, C-AGP-1, C-KGP-1, C-GP-2, C-AGP-2, C-KGP-2, C-GP-3, C-AGP-3, C-KGP-3, C-GP-4, C-AGP-4, C-OGP-2, C-OGP-3, C-OGP-4, C-OGP-5, C-OGP-6, C-OKGP-1, C-OKGP-2, C-OKGP-3, C-OKGP-4, C-OKGP-5, C-RGP-1, C-RGP-2, C-RGP-3, B-PK-1, B-PK-2, B-PK-3, B-PK-4, B-PK-5, B-PKO-1, B-PKO-2, B-PKO-3, B-PKO-4, B-PKO-5, C-FM-2, C-FM-3, C-FM -4, C-FMO-1, C-FMO-2, C-FMO-3, C-FMO-4 санаттарына арналған және келесіні қамтиды:

бастамашылық (12 тапсырма), коммуникативтілік (12 тапсырма), талдамалық (12 тапсырма), ұйымдастырылған (12 тапсырма), стратегиялық ойлану (12 тапсырма), көшбасшылық (12 тапсырма), әдептілік (12 тапсырма), сапаға бағдарлану (12 тапсырма), тұтынушыға бағдарлану (12 тапсырма), сыйайлар жемқорлыққа төзбеушілік (12 тапсырма) деңгейін анықтауға арналған тестілер;

Бірінші бағдарлама бойынша тестілерді орындау үшін жалпы уақыт 90 минутті құрайды.

Бірінші бағдарлама үшін мүмкін болатын 4 (төрт) баллдан қатерлі аймақ: бастамашылық - 1,5 балл, коммуникативтілік - 2 балл, талдамалық - 2,5 балл, ұйымдастырылған (12 тапсырма), стратегиялық ойлану - 2,5 балл, көшбасшылық - 2,5 балл, әдептілік - 1,5 балл, сапаға бағдарлану - 1,5 балл, тұтынушыға бағдарлану - 1,5 балл, сыйайлар жемқорлыққа төзбеушілік - 2 балл.

2) екінші бағдарлама C-KGP-4, C-GP-5, C-AGP-5, C-KGP-5, C-GP-6, C-AGP-6, C-OKGP-6, C-GP-7, C-AGP-7, C-OGP-7, C-OKGP-7, C-AGP-8, C-OGP-8, C-RGP-4, C-RGP-5, C-SV-12, C-SV-13, C-SVO-8, C-SVR-7, C-SVU-8, C-SVU-9, C-SVU-10, C-SVU-12, C-SVU-13, C-SVU-14, C-SGU-5, C-SGU-7, C-SGU-8, C-SGU-11, C-SGU-12, C-SV-10, C-SVO-9, C-SVR-4, C-SVR-8, C-SVU-15, C-SGU-13, C-SSP-7, C-SSP-8, C-SN-5, C-SN-7, C-SN-8, B-PK-6, B-PK-7, B-PK-8, B-PKO-6, B-PKO-7, B-PKO-8, C-FM-5, C-FM-6, C-FMO-5, C-FMO-6 санаттарына арналған және келесіні қамтиды:

бастамашылық (12 тапсырма), коммуникативтілік (12 тапсырма), талдамалық (12 тапсырма), ұйымдастырылған (12 тапсырма), әдептілік (12 тапсырма), сапаға бағдарлану (

12 тапсырма), тұтынушыға бағдарлану (12 тапсырма), сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік (12 тапсырма) деңгейін анықтауға арналған тестілер;

Екінші бағдарлама бойынша тестілерді орындау үшін жалпы уақыт 75 минутті құрайды.

Екінші бағдарлама үшін мүмкін болатын 4 (төрт) баллдан қатерлі аймақ: бастамашылық - 1,5 балл, коммуникативтілік - 1,5 балл, сараптамалық - 2 балл, ұйымдастырудың - 1,5 балл, әдептілік - 1,5 балл, сапаға бағдарлану - 1,5 балл, тұтынушыға бағдарлану - 1 балл, жемқорлыққа шыдамау - 2 балл.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі Төрағасының
бүйрекшіна
7-қосымша

Құқық қорғау қызметіне
алғаш рет кіретін азаматтарды
тесттен өткізу қағидалары,
бағдарламалары және
оны ұйымдастыруға
11-қосымша

Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі уәкілетті органның
апелляциялық комиссиясының
Төрағасына

(кандидаттың Т.А.Ә. (ол болған
жағдайда))

(кандидаттың ЖСН)
Тел. _____
Эл. мекенжайы _____

Отініш

Мені, 20__ жылдың _____ қ.

(тестілеу күнін көрсету)

өткен Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестілеу нәтижелері бойынша шағымдануға рұқсат беруді сүраймын.

Тестілеу нәтижелеріне шағым беру талабымның мәні:

Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тесттен өткізу қағидалары, бағдарламалары және оны ұйымдастырудың негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

"___" 20__ ж.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі Төрағасының
бүйрігіна
8-косымша

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының күші жойылды деп танылған кейбір бүйріктарының құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. "Мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 96 бүйрігі 1-тармағының 1) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14632 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 17 қантарда жарияланған).

2. "Мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 96 бүйрігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының 2017 жылғы 25 мамырдағы № 112 бүйрігі 1-тармағының бірінші абзацы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15267 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 10 шілдеде жарияланған).

3. "Мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 29 тамыздағы № 172 бүйрігі 1-тармағының 1) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15853 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 16 қазанда жарияланған).

4. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 282 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18018 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 3 қаңтарда жарияланған) бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтары тізбесінің 7-тармағының бірінші абзацы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК